АЭжБУ Ғылыми кеңесі отырысында
01.09.2021 ж. №1 хаттамамен бекітілген
АЭжБУ
Академиялық саясатына
20 қосымша

**ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУ ПРОЦЕСІНДЕ «БАКАЛАВР» НЕМЕСЕ «МАГИСТР» ДӘРЕЖЕЛЕРІ БЕРІЛЕТІН ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУҒА АҚЫ ТӨЛЕУ ҮШІН БОСАҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ**

Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттары (бұдан әрі – босаған гранттар) білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі.

Тіркеу офисі АЭжБУ ғылыми хатшысына және институт директораттарына бос гранттар саны туралы толық ақпаратты ұсынады. Ғылыми хатшы кадрларды даярлау бағыттары мен курстары бөлінісінде босаған бос білім беру гранттарының санын көрсете отырып, сайтта ашық конкурс туралы хабарландыру орналастырады.

Конкурс жарияланғаннан кейін әрбір институт АЭжБУ ғылыми хатшысына GPA (Grade Point Average – Грейт Поинт Эверейдж) көрсете отырып, босаған бос гранттарға үміткерлер туралы толық ақпарат ұсынуы тиіс. Ғалым хатшы босаған бос гранттарға үміткерлер туралы ақпаратты сайтқа орналастырады.

Конкурсқа ақылы бөлімде оқитын және өтініш берген кезде академиялық қарызы жоқ студенттер қатыса алады.

Конкурс үлгерімнің GPA (Grade Point Average – Грейт Поинт Эверейдж) орташа балы негізінде аралық аттестаттау нәтижелері бойынша өткізіледі.

GPA үлгерімінің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, тек A, A- ("өте жақсы") бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады, келесі кезекте – A, A- ("өте жақсы") бастап B+, B, B-, C+ ("жақсы") дейінгі бағалар, бұдан әрі – оқудың барлық кезеңіндегі аралас бағалар.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру жазғы және қысқы демалыс кезеңінде конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ақылы негізде оқитын адам құжаттарды (ректордың атына өтініш, транскрипт, оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі) тиісті институтқа тапсырады, ол білім алушының өтінішін қарайды және мақұлдаған жағдайда ғылыми кеңеске жібереді.

Білім алушының Университет ректорының атына мемлекеттік білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы өтініші, Институттың ұсынымы Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады.

2) Тіркеу офисінің жауапты қызметкері Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 5 тамызы және 15 қаңтарына дейінгі мерзімде бос мемлекеттік білім беру гранттарына ауысу үшін үміткерлердің тізімін білім беру саласындағы уәкілетті органға шешім қабылдау үшін жібереді.

Тізімге қоса беріледі:
- білім алушы өтінішінің көшірмесі,
- Ғылыми кеңестің шешімі,
- білім алушының транскриптінен үзінді-көшірме,
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі,
- АЭжБУ-дан шығарылған мемлекеттік білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа);

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган келіп түскен құжаттарды білім беру бағдарламаларының топтары, оқу нысандары мен мерзімдері бөлінісінде оқуға түскен жылын ескере отырып қарайды және оң шешім болған кезде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің бос білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады (білім беру бағдарламаларының тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттары даярлау;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган келіп түскен құжаттарды білім беру бағдарламаларының топтары, оқу нысандары мен мерзімдері бөлінісінде оқуға түскен жылын ескере отырып қарайды және оң шешім болған кезде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің бос білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады (білім беру бағдарламаларының тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, жоғары және (немесе)жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттары даярлау);

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығы негізінде ҰТО білім беру грантын беру туралы куәлікті ресімдейді және деректерді тиісті ЖЖОКБҰ-ға үш жұмыс күні ішінде береді;

5) білім беру грантын беру туралы куәліктің негізінде ЖЖОКБҰ басшысы білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға бұйрық шығарады.

**АҚ проректоры** **С. Коньшин**

Келісілді:
АМД директоры Р. Мухамеджанова